



● ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТ

Сөзі – өсиет, ісі - өнеге

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАШАНДА
ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТПЕ ҚАРИЯСЫН
ҚАЗЫНА БАЛАҒАН.
ӨЙТКЕНІ, ӨМІРДІҢ
ЫСТЫҒЫ МЕН СУЫҒЫН
КӨРІП, ТАЛАЙ ҚИЫНДЫҚ
ПЕН ҚУАНЫШТЫ БАСТАН
КЕШКЕН АҚСАҚАЛДЫҢ
ӘРБІР СӨЗІ – ӨСИЕТ, ӘР ІСІ
– ӨНЕГЕ.

Адам баласының ғұмыр жолы
артында қалған өнегесімен
өлшенеді. Әрбір жақсы іс – кейінгі
ұрпаққа мирас, әрбір айтылған
ақыл – өмірдің шамшырағы.

Шетпелік Шаймұрза Байпақов
өмірін ізгілік пен руханиятқа
арнаған ақсақал, өмірлік тәжірибесі
мол, көргені мен түйгені көп тұлға.
Қазыналы қарт – тарих пен шежіренің,
дәстүр мен тағылымның сақтаушысы.
Халықтың жадында сақталған рухани
мұра, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр осындай
қариялардың арқасында ұрпақтан-
ұрпаққа жеткен. Ол – бірнеше кітаптың
авторы. Солардың ішінде оқырман жү-
регіне жол тапқан «Ізгілікті өсиеттер»
кітабы жас ұрпаққа тағылымды тәр-
бие беріп, ұлттық дәстүрді дәріптеуге
бағытталған. Сондай-ақ Шаймұрза
Жаңайұлының шығармашылық қыры
аудандық басылым арқылы көпшілікке
жақсы таныс.



Олай дейтініміз, шығармалары, діни
жұмбақтары аудандық, облыстық газет
беттерінде жарық көріп келеді. Газет
бетінде жарық көрген ұлттық және діни
мазмұндағы жұмбақтары адамға ой са-
лып, ізгілікке жетелейді. Әр жолы мен
әр сөзі халқымыздың рухани байлығын
арттыруға қызмет етеді.

Ел алдында беделі биік қарияның
ақ батасы да айрықша құрметке ие. Ол
ақсақалдар арасындағы «Баталы елге
бақ қонар» бата сайысында жүлделі
орын алып, әр сөзінде терең ой жатқан
Шаймұрза ақсақалдың даналығы ел
ішінде кеңінен таралған.

Ш.Байпақовтың өнегелі өмірі от-
басында да жалғасын табуда. Жұбайы

екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, бүгінде 11
немеренің ақылшы атасы, бір әулеттің
қазыналы қарты атанып отыр. Балалары
үшін әрдайым ақылшы, қамқор әке бол-
са, немерелері үшін – үлгі тұтар, тәлім
алар тұлға. Әулетінің ұйытқысы, шаңы-
рағының шырақшысы болып отырған
қария – нағыз «қазыналы қарт» ұғы-
мының айқын бейнесі.

Шаймұрза Жаңайұлы – елге елеулі,
халқына қалаулы азамат. Оның еңбегі
мен қаламынан туған шығармалары,
халыққа берген батасы мен айтқан
өсиеті – болашақ ұрпаққа рухани бай-
лық болып қалар қымбат қазына.

М.ЖЕБЕКҒЫЗЫ.

● ҰСТАЗДАР КҮНІ

ҰСТАЗ – БАЛА ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАУЫП, БОЛАШАҒЫНА СЕНІМ
СЫЙЛАЙТЫН АБЗАЛІ ЖАН. АЛ БАСШЫ – СОЛ ҰЖЫМДЫ
БІРІКТІРІП, ӘР МҰҒАЛІМНІҢ ЕҢБЕГІН ЖҮЙЕЛІ АРНАҒА
БҰРА БІЛЕТІН ТҮЛҒА. МҮНДАЙ ҚАСИЕТТЕРДІ БІР БОЙЫНА
ТОҒЫСТЫРҒАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ТҮШЫБЕК АУЫЛЫНДАҒЫ
МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ, ТӘЖІРИБЕЛІ ҰСТАЗ АЛТЫНАЙ
САТАЙҚЫЗЫ ЖҮБАНДЫҚОВА.

ҰЖЫМҒА БАҒЫТ берер басшы

Еңбек жолын осы білім ордасында
бастаған ол биыл ұстаздық салада жи-
рма жылдық тәжірибесін артқа қалды-
рып отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні-
нің мұғалімі ретінде талай шәкірттің
қабілетін ашып, әдебиет әлеміне жете-
леген Алтынай Сатайқызының еңбегін
оқушыларының жетістігі айқын көр-
сетеді.

Жылдар бойы дайындаған шәкірт-
тері Абайды, Мұқағалиды, Мағжанды
дәріпттейтін байқауларда жүлделі орын-
дарға ие болып келеді. Әр оқушысының
жеңісі – ұстаз еңбегінің жемісі, ең үлкен
марапаты. Ал алған алғыстары мен құр-
меттері бір басына жетіп артылады.

Алтынай тек ұстаз ғана емес,
ұжымды алға жетелеп келе жатқан бас-
шы ретінде де танылды. Мектепте
бастамашылдық пен шығармашылық
орта қалыптастырып, әріптестерінің
кәсіби өсуіне қолдау көрсетіп келеді.
Әр ұстаздың еңбегін бағалай білетін,
ұжымды бір мақсатқа жұмылдыра ала-
тын көшбасшылық қасиеті – оның бас-
ты ерекшелігі.

Ұстаздар күні – барша білім беру сала-
сы қызметкерлеріне айтылатын құрмет
пен алғыстың мерекесі. Осы күні біз білім



мен тәрбиенің биік үлгісін көрсетіп келе
жатқан барша ұстаздарға, соның ішінде
ұжымға бағыт беріп отырған Алтынай
Сатайқызының еңбегіне де шынайы
алғыс білдіреміз.

Осынау жауапкершілігі мол жолда
Алтынай Сатайқызына мықты денсаулық,
толағай табыс, шәкірт қуанышы мен
ұжымдық жетістіктер тілейміз. Ал шәкірт-
теріне айтарымыз – еңбегін бағалай бі-
ліңіздер, себебі әр ұстаздың жүрегі сіздер
үшін соғады.

Сәния ҚОЙЛЫБАЙҚЫЗЫ,
Тұщыбек ауылы.


● ЖИЫН

АУДАН БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

ЖУЫРДА АУДАН
ӘКІМДІГІНІҢ КІШІ МӘЖІЛІС
ЗАЛЫНДА АУДАН БЮДЖЕТІНІҢ
ИГЕРІЛУ БАРЫСЫ МЕН АЛДАҒЫ ЖОС-
ПАРЛАР ТАЛҚЫЛАНҒАН ЖИЫН ӨТТІ.
ОТЫРЫСҚА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫН-
БАСАРЫ ТАЛҒАТ АЛТЫНҒАЛИҰЛЫ
ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТТІ.

Күн тәртібіне сәйкес, алдымен аудандық экономика
және қаржы бөлімінің басшысы Орынғали Күзембаев
баяндама жасады. Оның айтуынша, аудан бюджетінің
шығыстар бөлімінің 2025 жылға нақтыланған көлемі 12
млрд. 294 млн. теңгеден асады. Оның ішінде дамубюджеті
– 2 млрд. 981 млн теңге, ағымдағы бюджет – 9 млрд. 312
млн. теңге. Соңғысының 687 млн теңгесі республикалық,
қалғаны жергілікті бюджеттен қарастырылған.

Есептік кезеңге 7 млрд. 416 млн. теңге жоспарланып,
24 қыркүйек жағдайына 7 млрд. 125 млн. теңге игерілген.
Бұл – жоспардың 96,1%-ы. Игерілмеген қаражат шама-
мен 290 млн. теңгені құрайды. Бұл қаржы жыл соңына
дейін толықтай игеріледі. Сонымен бірге ол бюджеттік
өтінімдерді уақытылы тапсырудың маңыздылығын атап
өтті. Орта мерзімді жоспардың жоқтығы қаражаттың
ұсақ жобаларға бөлінуіне, нысандардың уақытылы
аяқталмауына және шығындардың қымбаттауына
әкелуде. Сондықтан барлық жобалар міндетті түрде эко-
номика және қаржы бөлімімен келісіліп, жүйелі жоспар
негізінде іске асуы қажет», – деді бөлім басшысы.



Келесі болып Шетпе ауылы әкімінің міндетін атқа-
рушы Бекзат Жәмелбекұлы сөз алып, ауылдағы абат-
тандыру жұмыстарына тоқталды. 2025 жылы Шетпе
ауылына 809,8 млн. теңге бюджет қарастырылып, жыл
басынан бері оның 396,1 млн. теңгесі игерілген. Қаржы
негізінен әкім аппаратына, санитарлық тазалық пен
көше жарығына, сондай-ақ абаттандыру жұмыстарына
бағытталды.

Абаттандыру бағдарламасы аясында ауылда бала-
лар ойын мен ашық футбол алаңдары және мәдениет
алаңы, аялдамалар кеңейту, жаяу жүргіншілер жолда-
рын салу, көше жарығын жаңарту, бейнебақылау ка-
мераларын орнату сияқты жобалар іске асуда. Бүгінде
кейбір нысандар толық пайдалануға берілсе, басым
бөлігі құрылыс кезеңінде.

Мәселен, көше жарық бағаналары мен жәрмеңке

алаңындағы дүңгіршектер толық
орнатылып, пайдалануға берілді.
Ал балалар ойын алаңдары мен
футбол алаңдары, тротуарлар
мен мәдениет алаңы бойынша
құрылыс жұмыстары жалғасуда.
Қарашоқтағы суағар мен нөсер
көрізі құрылысы да қолға алынған.
Барлық жобалар жыл соңына дейін
жоспарға сай аяқталады, – деді ауыл
әкімінің міндетін атқарушы Бекзат
Жәмелбекұлы.

Сондай-ақ жиында аудандық тұрғын үй-коммунал-
дық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары бөлімінің басшысы Жандос Романұлы да өз ба-
яндамасын оқып саладағы жоспарлар мен орындалып
жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жиналыс соңында аудан әкімінің орынбасары Талғат
Алтынғалиұлы бөлім басшыларына нақты тапсырмалар
беріп, қаржының уақытылы әрі тиімді игерілуін қатаң
бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті

М.ЕРҒАЛИ.





ПАТРИОТ

ЖАДЫМДА ТҰРАР АҢҒЫРЫП...

БИЫЛЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА ТУРА 80 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫН-ДА БЕЙЖІҢ ҚАЛАСЫНДА ЖЕҢІСКЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ӘСКЕРИ ПАРАД ӨТТІ. ОҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ-НЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАТЫСТЫ. БҰҒАН ДЕЙІН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МӘСКЕУДЕГІ ЖЕҢІС ПАРАДЫНА ҚАТЫСҚАН БОЛАТЫН.



Бұл шаралардың негізгі мақсаты – аға буынның ерлігіне терең құрмет білдіру және болашақта сондай қасіретті қайталамауға ұмтылу.

1945 жылы Қытайды жапон басқыншыларынан азат етуге қазақстандық сарбаздар да белсенді қатысты, олар Жеңіс жолында жанын пидә етті. ҚХР-дың Чжанбэй уезінде қаза тапқан батырларға арналған ескерткіш орнатылған, онда біздің отандастарымыз — Аселжан Бербеков, Ауезхан Жапаров, Төлепбек Өтебаев және басқа да жауынгерлердің есімдері мәңгілікке жазылған. Біз олардың Қазақстанда тұратын туыстарын таптық. Олардың көпшілігі бұрын ата-бабаларының қайда жерленгенін де білмеген. Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хан Чуньлин мырзамен кездесу кезінде біз қаза тапқандардың ұрпақтары туған жердің бір уыс топырағын апарып, ата-бабаларының қабірлеріне зиярат етуді армандайтынын айттық.

Әртүрлі деректер бойынша, соғыс жылдарында Қазақстаннан майданға 1,5 миллионға жуық адам аттанған. Олардың 600 мыңнан астамы қаза тапты, 271 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткен.

Осыған байланысты, Екінші дүниежүзілік

соғыс жылдарында қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлердің жерленген орындарын іздеумен айналысатын «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің қызметі ерекше назар аударуға лайық.

Атқарылған істер:

- Осы уақыт ішінде ұйымның сайты арқылы 10 000-нан астам іздеу өтініші түсті;
- 4500-ден астам қазақстандық жауынгердің тұлғасы мен жерленген жері анықталды;
- 21 жауынгердің сүйегі отанына қайтарылып, әскери құрметпен жерленді.

«Atamnyn Amanaty»-ның басты бағыттарының бірі — халықаралық ынтымақтастық, 100-ден астам келісімшарт жасалып, сәтті жүзеге асырылуда. ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ТМД және Еуропа елдерінің аумағында жерленген қазақстандық жауынгерлердің дерекқоры жинақталды. Онда шамамен 28 000 есім бар. Бүгінгі таңда олардың туыстарын Қазақстанда табу бойынша белсенді

жұмыс жүргізілуде.

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі жыл сайын «Ортақ тарих. Ортақ жеңіс. Ортақ көзқарас» атты халықаралық конференция ұйымдастырады. Бұл форум ТМД елдерінің үкіметтік емес ұйымдары мен іздестіру ұйымдары үшін маңызды диалог алаңына айналды.

Форумның мақсаты — мұрағаттық және далалық іздеу жұмыстарының әдістемесін талқылау, тәжірибе алмасу, жауынгерлердің сүйектерін Отанға қайтару мен есімдерін мәңгі есте қалдырудың ортақ тәсілдерін әзірлеу.

Біз «Ресейдің Іздестіру қозғалысы» және «Жеңіс Волонтерлері» ұйымдарының тұрақты серіктесіміз. «Atamnyn Amanaty» құрамынан құралған біріккен іздестіру жасағы жыл сайын Ресейдің

Калуга облысындағы «Батыс майданы. Варшава тас жолы» атты халықаралық әскери-тарихи экспедицияға қатысады. Жасақ құрамында ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектептерінің оқытушылары мен курсанттары бар.

Экспедиция барысында 1941 жылдың тамызында Ақмолада құрылған 387-атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне арналған мемориалдық тақта орнатылды. Бұл дивизия ауыр шығынға ұшыраған: 12 мың жауынгерден 1942 жылдың тамызында тек 800-і ғана сапта қалған. Жергілікті билік деректеріне сәйкес Калуга облысы аумағында бес қазақстандық дивизия соғысқан екен. Біз далалық жұмыстарды жалғастыру үшін әкімдікпен келісімге келдік.

«АТАМНҮН АМАНАТУ» ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ БАСТАМАЛАРҒА БЕЛСЕНДІ ТАРТЫП КЕЛЕДІ: ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР, ВИКТОРИНАЛАР, КВЕСТТЕР, СПОРТТЫҚ ТУРНИРЛЕР ЖӘНЕ ЕСТЕЛІК АКЦИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ. 2019 ЖЫЛДАН БЕРІ ЕКІ МИЛЛИОННАН АСТАМ ЖАС БІЗДІҢ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ, ОЛАР ТУРАЛЫ БАҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛЛІЛЕРДЕ КЕҢІНЕН ЖАРИЯЛАНЫП КЕЛЕДІ.

ЖАСТАР МЕН ҰҰМЫС

Біз Астана қаласының 33 колледжімен меморандумға қол қойдық. «Аталар аманатына адалмыз» акциясы аясында әр оқу орны Қазақстанда құрылған әскери бөлімдердің тарихын зерттеу бойынша ғылыми жұмыс жүргізді.

2023 жылдың 19 тамызында Елорданың Триатлон паркінде Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, шабуылдаушы ұшқыш Талғат Бигелдиновтің 101 жылдығына арналған алғашқы жыл сайынғы жүтіру жарысы өтті. Оған 1000-нан

астам адам — әскери қызметшілер, ардагерлер, спортшылар мен еріктілер қатысты. Жүтіру жарысы Қазақстанда да, шетелде де қолдау тапты.

Біз әрбір іс-шара өткен тарихты баяндап қана қоймай, жастарды жеке үлгімен шабыттандырғанын қалаймыз.

Қарулы күштердің ардагерлері жастармен бірге жарыстарға қатысып, естеліктер эстафетасын табыстауда.



Мысалы, 2023 жылдың қараша айында Астана колледждері арасында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған волейбол турнирі өтті. Әр команда Отан соғысының қазақстандық Батырларының есімімен аталды.

ІЗДЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖОБАЛАР



БІЗ ЕРІКТІЛЕРІМІЗ БЕН ІЗДЕУШІЛЕРІМІЗДІҢ ЖАНКЕШТІ ЖҰМЫСЫНА ЕРЕКШЕ МАҚТАНАМЫЗ. ОЛАР АҚЫСЫЗ НЕГІЗДЕ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ МЕН МҰРАҒАТТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗЕДІ. ОЛАРДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТЫ — ОҢДАҒАН ЖЫЛДАН KEЙІН АТА-БАБАЛАРЫНЫҢ МӘҢГІЛІК ТЫНЫШТЫҚ ТАПҚАН ЖЕРІН ТАПҚАН ТУЫСТАРЫНЫҢ АЛҒЫС ЖАСЫ.

Қазіргі уақытта «Atamnyn Amanaty» келесі жобалармен айналысуда:

1. Қазақстаннан шақырылған солдаттар мен офицерлер туралы электронды дерекқор — ұлттық жады платформасын құру;
2. «Батыс Қазақстан — Сталинград шайқасының алғы шебі» атты халықаралық экспедиция — жауынгерлердің сүйектерін қазып алу, есімдерін қалпына келтіру, мемориалдар салу;
3. Қазақстандағы эвакогоспитальдардың тарихын зерттеу, госпитальдық жерлеу орындарына естелік тақталар орнату;
4. Еуропада қаза тапқан қазақстандықтарды іздеу. Қазіргі күнге дейін 2,2 миллионнан астам Қызыл Армия жауынгері, соның ішінде қазақстандықтар да белгісіз болып есептеледі.

Біздің миссия — тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және жастарды батырлар ерлігі негізінде тәрбиелеу.

Мұрат МОЛДАФАЛИЕВ,
«Atamnyn Amanaty»
қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы.

ҰСТАЗДАР КҮНІ

ДОМБЫРА
ҮНІМЕН
ШӘКІРТ
ТӘРБИЕЛЕГЕН

ҰСТАЗ – ҰРПАҚҚА БІЛІМ ҒАНА

ЕМЕС, ӨМІРЛІК БАҒЫТ-БАҒДАР
БЕРЕТІН, ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕ-
НІҢ ШЫРАҚШЫСЫ. ӘСІРЕСЕ
ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ-
ДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕКШЕ.
ОЛАР ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ҚАЗЫ-
НАСЫН ДАРЫТЫП, БОЛА-
ШАҚТЫҢ ДАРЫНДЫ ТҮЛҒА-
ЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕЙДІ. ОСЫН-
ДАЙ АБЫРОЙЛЫДАЖАУАПТЫ
ІСТІ АДАЛ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН
ЖАННЫҢ БІРІ – АУДАНДЫҚ
ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ДОМБЫРА
СЫНЫБЫНЫҢ МҰҒАЛІМІ
СӘУЛЕ СӘУІРБАЙҚЫЗЫ.



Сәуле Сәуірбайқызы бала кезінен-ақ ұлттық аспаптың үніне құмар болып өсті. Қасиетті өнер жолын тандап, өңірдегі талай талантқа жол ашқан Маңғыстау өнер колледжіне оқуға түсіп, 2005 жылы колледжді домбыра сыныбын аяқтап шығады. Оның ұстазы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Маңғыстау күйлерінің шебер орындаушысы, талай күйді нотаға түсіріп, ғылыми тұрғыдан зерделеген белгілі профессор Роза Тайманқызы Айдарбаева болатын. Ұлағатты ұстаздан тәлім алған Сәуле Сәуірбайқызы өнердің терең қыр-сырын бойына сіңіріп, оны келер ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтты.

2016 жылдан бастап ол аудандық өнер мектебінде домбырадан дәріс беріп келеді. Осы уақыт аралығында талай шәкірт тәрбиелеп, олардың өнер жолында қадам басуына себепші болды. Шәкірттері түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, аудандық, облыстық, республикалық сахналарда атап өтпеу мүмкін емес. Ол өзінің өнерге деген адалдығымен, шәкірт тәрбиелеудегі табандылығымен көпке үлгі.

Ұстаздық жолдың қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Әрбір шәкірттің жүрегіне жол табу, оның бойындағы талантын ашып, ұштау – үлкен еңбек пен төзімділікті қажет етеді. Ерболатова Сәуле Сәуірбайқызы осы жауапкершілікті абыроймен атқарып, жас өрендерді өнерге баулып келеді. Оның мақсаты – шәкірттеріне тек домбыра үйрету емес, қазақтың бай музыкалық мұрасын, халықтың тарихын, ұлттық болмысын дәріптеу.

Мұғалімдер күні барша ұстаздар қауымына көрсетілер ерекше құрмет пен алғыс мерекесі. Осы күні шәкірттерінің жетістігіне қуанып, елінің ықыласына бөленіп жүрген Сәуле Сәуірбайқызы секілді ұстаздарды атап өтпеу мүмкін емес. Ол өзінің өнерге деген адалдығымен, шәкірт тәрбиелеудегі табандылығымен көпке үлгі.

Е.ЖУМАҒҰЛОВА.

ДАРЫН

ӨНЕР
АДАМ ЖАНЫНЫҢ
АЙНАСЫ, ҰЛТТЫҢ РУХАНИ
ҚАЗЫНАСЫ. ӘСІРЕСЕ БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ ШЕБЕРЛІК ПЕН ШАБЫТТЫ,
ТЕРЕҢ ОЙ МЕН НӘЗІК СЕЗІМДІ ҚАТАР
ҮШТАСТЫРАТЫН ЕРЕКШЕ САЛА. ОСЫ
ӨНЕРГЕ ӨМІРІН АРНАП, ТУҒАН ЖЕРІНІҢ
МӘДЕНИЕТІНЕ ӨЗІНДІК ҮЛЕСІН ҚОСЫП
ЖҮРГЕН ТАЛАНТ ИЕЛЕРІНІҢ БІРІ
СУРЕТШІ, ҰСТАЗ, МҮСІНШІ
МЕЙІРЖАН ЕСЕНОВ.

Мейіржан Есенов 1989 жылы Жыңғылды ауылында дүниеге келді. 2005 жылы мектепті бітірген соң, өнерге деген сүйіспеншілігі оны Маңғыстау өнер колледжінің сурет-графика бөліміне алып барды. 2009 жылы бейнелеу және технология пәнінің мұғалімі мамандығын меңгеріп шығып, бүгінгі таңда Есір Айшуақұлы атындағы жалпы білім беретін мектепте ұстаздық етіп жүр. Сонымен қатар Жыңғылды мәдениет үйіндегі «Сықырлы қылқалам» студиясына жетекшілік жасап, жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға үлес қосып келеді.

Жас дарын өзінің талантымен облыстық «Маңғыстау жұлдыздары» фестивалінің бірнеше дүркін жеңімпазы атанды. Шәкірттері де түрлі сайыстарда жүлделі оралып, ұстазының еңбегін ақтап жүр. Мейіржан тек сурет салумен ғана емес, мүсіншілікпен де айналысып, ауыл мен ауданға сән берген туындыларын жасады.



2023 жыл оның шығармашылық биікке көтерілген кезеңдерінің бірі болды. Аудандық және облыстық Серікбол Қондыбай атындағы «Маңғыстаунама» байқауларында I орын иеленіп, Қазақстан Республикасының халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына арналған қалалық симпозиумға қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Бұл оның еңбегіне берілген әділ баға әрі болашақта бағындырар асуларының бастауы.

Мейіржан Есенов бойына біткен дарыны мен қажырлы еңбегін ел игілігіне арнап жүрген жасампаз тұлға. Ұжымға сыйлы, шәкіртке өнеге, ауылға мақтаныш болған оның болашағы зор екеніне сенім мол. Біз өнер иесіне шығармашылық табыс тілеп, алдағы уақытта да талай белестерді бағындыра берсін дейміз.

Эльмира НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Е.Айшуақұлы атындағы мектептің мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі «Қаламқасмұнайгаз» ПМ, ППМ Биологиялық ремедиация әдісімен мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу бойынша уақытша технологиялық алаңдар» жобасына.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: Ш 45,3321026 Д 51,9264825; Ш 45,3320973 Д 51,9252120; Ш 45,3311977 Д 51,9252122; Ш 45,3311960 Д 51,9264959..

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 11 қараша сағат 15:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, әкімдік ғимаратында өтеді.

ZOOM платформасы: <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=86442407818>

Конференция идентификаторы: 270 316 8932

Кіру коды: 96c0iG

Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, БСН 990140000483, Ақтау қ., 6 ш / а, 1 ғимарат, тел.: + 7 292 215 225

Жобаны әзірлеуші ЖК Сарқұлова СК, БСН 820209451385, Ақтау қ., 17-ш/а, 20-үй, 21-кеңсе, тел.: 87014848005.

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Мангистаумұнайгаз» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту: Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «Временные технологические площадки по переработке нефтесодержащих отходов методом биологической ремедиации (МБР) на ПУ «Қаламқасмұнайгаз», ППМ.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: Ш 45,3321026 Д 51,9264825; Ш 45,3320973 Д 51,9252120; Ш 45,3311977 Д 51,9252122; Ш 45,3311960 Д 51,9264959.

Слушания состоятся: 11 ноября 2025 года в 15:00 часов.

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Шетпе, здание акимата.

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=86442407818>

Идентификатор конференции: 270 316 8932

Код доступа: 96c0iG

Заказчик: АО «Мангистаумұнайгаз», БИН 990140000483, г. Ақтау, 6 мкр-н, здание 1, тел.: + 7 292 215 225, тел.: 8(7292)202021. БИН 010740000600

Разработчик: ИП Сарқұлова СК, БИН 820209451385, г.Ақтау, мкр 17, 20 дом, офис 21, тел: 87014848005.

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: eco-rk@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№429

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ком-Мұнай» ЖШС «Комсомольское» кен орнының келесі жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды:

1. «Комсомольское» кен орнындағы жойылған G1 ұңғымасын қалпына келтіру бойынша Жеке техникалық жобаға» арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі;
2. «Комсомольское» кен орнында К-26НН көлбеу бағытталған ұңғымасының құрылысы бойынша Жеке техникалық жобаға» арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі;
3. «Комсомольское» кен орнында К-27 тік ұңғымасының құрылысы бойынша Жеке техникалық жобаға» арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі;
4. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдеріне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Жабдықталатын ұңғымалардың географиялық координаттары:

G1 ұңғыма – 45°15'50.2" с.е., 53°43'44.1" ш.б.;
К-26НН ұңғыма – 45°15'58.29" с.е., 53°45'12.87" ш.б.;
К-27 ұңғыма – 45°16'18.76" с.е., 53°44'33.34" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақшымырау ауылдық округі, Ақшымырау ауылы, 3 көше, 82/3 ғимарат, ауылдық әкімшілік ғимараты.

Өткізілетін күні мен уақыты: 6 қараша 2025 жылдың, сағат 15:00.

Онлайн қосылымға белсенді сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCSTzwTObgj2alJL1&omn=89867132291>

Конференция идентификаторы: 296 378 6453 Кіру коды: j25Yc0

Бастамашы, жобасаға тапсырыс беруші: «Ком-Мұнай» ЖШС, БИН 001040000537, телефон: +7 777 5991864, e-mail: Yekaterina.Arustamova@magnetic.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» Жобалау институты» ЖШС, БИН 000740000123, телефон: +77292 544 050 (177), e-mail: akuanbekova@opm.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен сайтта танысуға болады www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ электронды мекен-жайы бойынша: s.bazarbay@mangystau.gov.kz

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Ком-Мұнай» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по следующим проектам месторождения Комсомольское:

1. Раздел «Охрана окружающей среды» к Дополнению к проекту «Индивидуальный технический проект на восстановление ликвидированной скважины G1 на месторождении Комсомольское» (в связи с увеличением проектной глубины);
2. Раздел «Охрана окружающей среды» к «Индивидуальному техническому проекту на строительство наклонно-направленной скважины К-26НН на месторождении Комсомольское»;
3. Раздел «Охрана окружающей среды» к «Индивидуальному техническому проекту на строительство вертикальной скважины К-27 на месторождении Комсомольское»;
4. План мероприятий по охране окружающей среды к разделам «Охрана окружающей среды».

Географические координаты скважин:

Скважина G1 — 45°15'50.2" СШ, 53°43'44.1" ВД;
Скважина К-26НН — 45°15'58.29" СШ, 53°45'12.87" ВД;
Скважина К-27 — 45°16'18.76" СШ, 53°44'33.34" ВД.

Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Мангистауский район, Ақшымырауский с.о., с.Ақшымырау, ул. 3-я, здание 82/3, здание сельского аппарата.

Дата и время проведения: 6 ноября 2025 года в 15:00 часов.

Активная ссылка на онлайн подключение <https://us06web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCSTzwTObgj2alJL1&omn=89867132291>

Идентификатор конференции: 296 378 6453 **Код доступа:** j25Yc0

Инициатор, намеряемый деятельности Заказчик проекта: ТОО «Ком-Мұнай», БИН 001040000537, телефон: +7 777 5991864, e-mail: Yekaterina.Arustamova@magnetic.kz.

Разработчик проекта: ТОО «Проектный Институт «Оптимум», БИН 000740000123, телефон +77292 544 050 (177), e-mail: akuanbekova@opm.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте www.ndbecology.gov.kz, а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>

Все замечания и (или) предложения размещены на едином экологическом портале www.ndbecology.gov.kz, а также по электронному адресу МИО: s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№428



• АРНАУ - ЖЫР



Әуелі Алла, пендеміз сонан соң «Бекет» деген.

Бекет те шын тілесең екі етпеген.
Қорыққан, қуанғанда «Бекет» дейді
Пір Ата, өзі жебеп жетектеген.

Қашқаны да, қуғаны «Бекет» депті.
«Кім бірінші атаса, назарым соған кетеді» депті.

«Бірақ мені торықпай, атамандар»,
Деген сөз бұрынғыдан бізге жетті.

Бұрын Ата басына айлап, жылдап,
Ат-түйемен баратын, жолға шыдап.
Арып-ашып, ас-сусыз, қиындықпен,
Жететін-ді, жабырқай жасын булап.

Сонда Ата, разы көңілімен,
Шуағын шашып, көңіл мейіріммен,
Қандай тілек тілесе, пенделері,
Беруші еді ақ тілек пейілімен.

Таудың тасын қашатып беткейдегі,
Орын сайлап, өзіне кеткен еді.
«Мен мұсылман болмаса, маңайыма,
Өзге діннен өкілдер жетпе» деді.

Бұл күнде басы базар, болды ойнақ,
Жетеді «Пір Бекет» деп, я Құдайлап.
Дүниенің төрт бұрышынан ағылады,
Шоқынған, будда, уахаб, дінді лайлап.

Пір Ата, өзіңмен күнін көрген.
Рухынды саудаға сап, жанын жеген.
Бұл күнде «Бекетшілер» көбейіп тұр,
Елінің қамын емес, нанын жеген.

Ей, Ата, кешіре гөр пенделерді.
Бір кезде, мүмкін ұрпақ жөнделер-ді.
Дүйім ел дүбірлетіп атап жатыр,
Өз мешітің «Тобықты» биік жерде.

Құтты болсын асыңыз, қабыл болсын!
Пенделердің ниеті ақ, орта толсын!

Шапағат, мейіріміңе толтыра гөр,
Жас ұрпақтың көңілі таза болсын.

Елімді айнала көз, жаудан сақта.
Зілзала, апат, өрт пен судан сақта.
Өзіңе шын берілген пенделердің,
Барғанда Алла алдына, жанын ақта.

Разы бол, Пір Ата, жазғаным.
Кешіргейсің кей пенде азғанына.
Байлық пен билік емес, иман тілеп,
Жеткіз деп келіп тұрмын арманым.

Ағайын, асымызды бір Алла қабыл еткей.
Ата жолын ұстайық, шашып-төкпей.
Келер ұрпақ, жастарым есіңе ал,
Ата жолы, тап-таза, зәңгір көктей.

**Жеткіншек ӘУЕЛБАЙҰЛЫ,
Ардагер ұстаз,
Қызан ауылы.**

• МӘДЕНИЕТ

Үлгілі «Наз» ансамблі – өнердің өрнегі

ӨНЕР – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ АЙНАСЫ, ҰЛТТЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН БЕЙНЕЛЕЙТІН ҚАЗЫНА. ӘСІРЕСЕ БИ ӨНЕРІ – ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМДЫ, СҮЛУЛЫҚ ПЕН СЫРДЫ ҚИМЫЛ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗЕТІН ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС. ҚАЗАҚТЫҢ МЫҢЖЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ БИ ҚАШАҢДА ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛЫП, ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТАЛАНТЫ МЕН ТАЛҒАМЫН ШЫҢДАП КЕЛЕДІ.

Осы құндылықты бойына сіңіріп, сахнада көркем қимылымен көрерменді тамсантип жүрген жас ұжымның бірі – Үлгілі «Наз» би ансамблі. Жақында Ақтау қаласында өткен «Нұрай ART Fest» II халықаралық көпжанрлы байқауында бұл топ ерекше өнерімен дараланып, қазылардың жоғары бағасына ие болды.

Сәні мен мәні үйлескен сахналық образ, нәзік те ширақ қимылдар, ұлттық рухты дәріптеген тақырып – барлығы ансамбльдің өнерге деген шынайы сүйіспеншілігін көрсетті. Әсіресе «Ба-



тырлар» биі көрерменді жігерлендіріп, қазақ жастарының қайсарлығын паш етті. Осы туынды ұжымға байқаудың ең биік марапаты – Гран-при жүлдесін әкелді. Бұл жеңіс ансамбльге Дубайда өтетін халықаралық додаға жолдама сыйлап, жаңа белестерге бастайтын мүмкіндікке айналды.

Жас бишілердің әрбір қимылынан ұлттық өнерге деген іңкәрлік пен еңбектің табы сезілді. «Наз» ұжымы тек сахнаны сәндеумен шектелмей, көрерменнің жүрегіне рухани әсер сыйлады. Әуен мен би қимылының үйлесімі

олардың өнерін ерекше биікке көтерді.

Бүгінгі жеңіс – қажырлы еңбектің, табандылықтың, бірліктің және талантты тәрбиелеген ұжым жетекшісінің еңбегінің жемісі. Шәкірттерім қазір қазақ биінің абыройын асқақтатып, болашаққа зор үміт сыйлап жүр.

Үлгілі «Наз» би ансамблі бүгінде жас буынға шабыт беретін өнер мектебіне айналды. Әрбір жетістігі – ел мерейін өсіріп, халық қуанышын еселейтін тәуел.

**Гүлбақыт ТҮГЕЛБАЙҚЫЗЫ,
ансамблі жетекшісі.**

• МАМАН КЕҢЕСІ

Қауіпсіздікке СЕЛҚОС қарамаңыз



Бұл ауруды Brucella туыстығына жататын бактериялар тудырады. Ол созылмалы түрде өтіп, көбіне ауру малдан жұтады. Дерт буындарды, жүйке жүйесін, жүрек-қан тамыр жүйесін зақымдауы мүмкін.

Жұғу жолдары әртүрлі. Көбіне шикі сүт, қайнатылмаған айран, құрт, ірімшік арқылы алиментарлы жолмен тарайды. Сондай-ақ төлдету, сою, жіліктеу кезінде ауру малмен жанасқанда жұғуы ықтимал. Қорадағы шаң-тозаң да қауіпті. Инкубациялық кезеңі шамамен 30–40 күнге, кейде екі айға дейін созылады. Аурудың жедел түрінде қызба, әлсіздік, тершеңдік, қалтырау байқалады. Сонымен бірге бас, бұлшықет, буын ауруы, бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы тән.

Ал созылмалы түрінде ұзақ уақыт шаршағыштық, артрит, радикулит, жыныс жүйесінің бұзылыстары мен жүйке жүйесінің зақымдануы кездеседі.

Аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – мал арасында вакцинация жүргізу және ветеринарлық бақылауды күшейту. Ал адамдарға сүтті міндетті түрде қайнатып ішу, пастерленген өнімдерді ғана пайдалану, малмен жұмыс істегенде қолғап пен арнайы киім кию ұсынылады.

**А. ДЕМЕГЕНОВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.**

МҰРАГЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Өтетілеуова Гүлнұр Оразбекқызы 2025 жылы 3 сәуірде қайтыс болған **ЖИЕНБАЕВА ЖАНТӨРЕНІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық көшесі, 43 ғимарат нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 708 302 36 04.

• ҚҰҚЫҚ

Мүлікке тыйым: ЗАҢ ТАЛАБЫ

ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК – ӘР АЗАМАТҚА ОРТАҚ МІНДЕТ. ҚАРЫЗЫН ӨТЕМЕГЕН АДАМНЫҢ МҮЛКІНЕ ТЫЙЫМ САЛУ ШАРАСЫ – МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢДЫҚ ТЕТІК. МҮНДАЙ ІС-ШАРАЛАР СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ КІРЕДІ.

Борышкерден қарыз өндіру ең алдымен оның қолма-қол ақшасына, банктік шоттарындағы қаражатына бағытталады. Егер есепте қаражат жеткіліксіз болса, онда өзге де мүліктеріне шектеу қойылады. Автокөлік, жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар және басқа да мүліктер иеліктен шығарылмайды. Тіпті сыйға тарту немесе сату сияқты мәмілелерге де заңды тыйым салынады.

Сот орындаушысы борышкерден табыс көздері мен мүліктері туралы толық мәлімет талап етуге құқылы. Ал жалған ақпарат беру немесе мәліметті жасыру – заңды орындамау болып саналады.

Мүлікке тыйым салу прокурордың санкциясымен рәсімделіп, қаулы түрінде бекітіледі. Қаулы қағаз жүзінде де, электронды түрде де банктер мен өзге ұйымдарға жолданады. Сондай-ақ борышкердің бағалы қағаздарына да шектеу қойылуы мүмкін.

Берешек толық өтелген жағдайда немесе тараптар келісімге келген кезде тыйым салу шараларының күші жойылады. Ал қарыз орындалмаса, атқарушылық іс жүргізу жалғаса береді.

Әрбір азамат өзінің құқықтарын білуген қатар, міндеттерін де орындауға тиіс. Қарызды уақытында өтеу – заң талабы ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілік.

**Т.ҚАНБАЕВА,
Мемлекеттік сот орындаушысы.**

МЕНШІК ИЕСІ:

**МАҢҒЫСТАУ
MEDIA**

**Директор –
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ**

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

ЖАҢА ӨМІР

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.

Редактор – Айгүл РАХМЕТОВА

**Тілшілер – Е.ЖҰМАҒҰЛОВА
М.ЖЕБЕКЫЗЫ**

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.

**Жетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАТОВА**

**Беттеуші дизайнерлер –
Шынар АЯЗБАЕВА,
Асем РАБАЕВА.**

«Атырау-Ақпарат» ЖШС
баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660,
586-392.

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның тілшілігіне қатысты болып есептелмейді.

■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз қолдануға болмайды.

■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.

■ Тағырыптың суреттерін ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 1157
Таралымы: 244
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

2 ҚАЗАН
түнде: +22 | күндіз: +34

3 ҚАЗАН
түнде: +21 | күндіз: +30

4 ҚАЗАН
түнде: +21 | күндіз: +33

5 ҚАЗАН
түнде: +23 | күндіз: +35

6 ҚАЗАН
түнде: +24 | күндіз: +35